

Педагог мәртебесі

Менің ұстаздық жолға түскеніме қырық үш жылдың жүзі болды. Бала күнімізде мұғалімнің мәртебесі, оған деген сый-құрметке қызыға қарағанымызбен, оның осы биікке көтерілуі қажырлы еңбектің нәтижесі екенін түсінбеген екенбіз.

Бала оқыту – ұрпақ тәрбиелеу деген сөз. Яғни, бір елдің сенім артып отырған, болашағына сапалы білім беріп, саликалы тұлға тәрбиелеуіміз қажет. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып жүретін ұстаздың пешенесіне бұйырар бақ екен. Ел аузында жүрген «Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың» деген жаттанды сөздердің мағынасын педагог болған кезде түсінгендеймін. Мектеп табалдырығын аттаған алты жасар бүлдіршіннің түлек болып қияға қанат қаққанға дейінгі әр жылы жақсы азамат болып ер жетуіне көмектесу керек. Осы жолда әр баланың ата-анасымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтін ұстаздың еңбегі ерен.

Бастауыш сыныптарда алынған тиянақты білім оқудың жоғары сатыларында табыстарға жеткізеді. Сондықтан да біз бастауыш сынып мұғалімдері осынау міндетті жақсы түсініп, жас шәкірттерге терең білім беруге байланысты мектепте, одан да тыс уақыттарда методикалық шеберлігімізді, ұйымдастырушылық ісімізді жұмсай береміз.

Жастайынан отбасы ішінде еңбек етуге тәрбиеленген бала, өсе келе мектепке барғанда өздігінен жұмыс істеуге қабілеті барлығын көрсетеді. Ондай бала мұғалімдер мен балалар коллективінің тапсырмасын тыңғылықты орындап, әрбір іске жігерлене жауапты кірісетін болады. Еңбек тәрбиесін алған еңбек етуге ықыласты бала өмірге бейім, оралымды келеді. Еңбектің қадірін сезген ол өзгенің еңбегін бағалай біледі.

Бес, алты жасында бала көбінесе ойыншықпен ойнайды. Кейде бала жаңағы ойыншықтарын қалай болса солай әр жерге шашып тастайды. Оларды баласының ойынынан кейін ата-анасы жинастырады. Бұлай ету дұрыс емес. Бала ұқыпсыздыққа, басқаға арқа сүйеушілікке салынады. «Ойынды мен ойнайын, басқалар жинасын» дегендей ой туады. Мұның ақыры баланы еріншектікке ұрындырады. Сондықтан оны ойыншықтарын әр жерге шашпай, өзі жинастырып, бір жерге қоюға әдеттенуге үйреткен дұрыс. Бұл – баланың үй ішінде атқаратын еңбектің бастамасы, оған дағдыланудың бір жолы. Балаға берілетін әр түрлі тапсырмалар оның орындауына қиын соқпайтын, қолынан келетіндей болуы қажет. Ал мектепке барғаннан былайғы жерде алатын еңбек тәрбиесі оқу бағдарламасымен тығыз байланыста жүргізілуі керек.

Негізгі мақсат: баланы сабаққа мұқият дайындалуға үйретіп, оқу үлгерімін жақсарту. Өйткені, сабақ әрбір оқушының өздігінен дербес еңбек етуін, тыңғылықты жұмыс істеуін талап етеді. Оқушыларды мектеп табалдырығын алғаш аттаған күнінен бастап, күн тәртібін сақтауға үйрету жөн. Балалардың кейбіреулері үйге берілген тапсырмаларды уақытымен орындаудан гөрі, көбірек ойнағанды жақсы көреді. Егер ата-аналар бұған дер кезінде көңіл аудармаса, баласының күнделікті режимді мүлтіксіз орындауын бақыламаса, онда бала бетімен кетеді, жалқаулыққа салынады. Сондықтан да

балаларды үй ішіндегі еңбекке тәрбиелеуде мектеп пен ата-аналардың тығыз байланыс жасауының маңызы өте зор.

Мектептегі бастауыш сынып білім жүйесінің ірге тасы десек қателеспейміз. Өйткені мектеп табалдырығын жаңа аттаған жас ұландар төрт жылдың ішінде таза оқып, сауатты жаза алатын, ойлай білетін дәрежеге жетеді. Оқушылар білімдерінің терең де, тиянақты болуы үшін бастауыш сынып мұғалімдері оқытудың озат тәжірибелерін өз жұмысына енгізуді әдетке айналдырды. Оны меңгеру мұғалімдерден қажымай, талмай көп ізденуді талап етеді. Мұғалім оқушыларға сапалы білім берумен бірге, олардың білімін бағалау барысында ешқандай ағаттық жібермеу жағын естен шығармаған абзал. Өзіміз көріп жүрген көп жылдық педагогикалық тәжірибе бойынша оқушыларға сапалы білім берумен бірге толық үлгерімге жету негізі бірінші сыныптан басталады.

Мұғалімдер қауымына түрлі дағдарыстарды жеңіп шыға алатын өмірге икемді, жан-жақты жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жүктеліп отыр. Есепсіз ақпараттар тасқыны толассыз ағылған жаһандау дәуірінде заманауи ұстаздық қызметке жүктелетін талап пен талғам тіпті есепсіз. Сондықтан да мен өз ісімді жоспарлағанда, ең алдымен, ХХІ ғасырдың ұстазы қандай болуы керек? – деген сұраққа жауап табуға тырысамын да, жаңашыл мұғалім ретінде қалыптасудың іргетасы тынымсыз ізденістерден басталатынын іштей пайымдаймын. Заманауи ақпараттық технологияларды толық игерсек қана бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын және жаңартатын мол мүмкіндіктерге жол ашылатыны, орасан ресурстарға ие болатынымыз даусыз. ХХІ ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалармен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азамат тәрбиелеу міндеті үдесінен көріну – бәріміздің борышымыз. Ұстаз – барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны, жүрегі дер едім. Оның басты миссиясы – рухани бай, ізденімпаз, адамгершілігі мол жаңа буын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі заман педагогі үшін ізденуші, зерттеуші, өнертапқыш қасиеттер бұлжымас өмір бөлшегіне айналса, құба-құп. Ағылшынның ұлы ағартушысы Уильям Уордтың ұстаздар қауымына қарата айтқан: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген әркімге ой салатын ғибратты сөзі бар. Жаһандау заманында өркениет көшінен қалмайтын, бойында бәсекеге қабілеттілік ынтасы зор, барынша жаңа технологиялармен қаруланған білімді де білікті ұстаз өз кәсібінің майталманы болары сөзсіз. Білім беру саласында қабылданып жатқан стратегиялық қағидаттар осындай ұлы мақсаттарға жетелейді.

Қиыншылығы мен қызығы мол ұстаздық еткен еңбек жолыма да қырық үш жылға уақыт өтіпті. Сол азды-көпті ұстаздық өмірімде өкініш, не қажып-шаршау, не еріну, не шәкірттеріме ренжу сияқты адам өмірінде кездесетін әлсіз шақтың белгісі есімде жоқ. Қайта егде тартқан сайын балдырғандар арасында жүріп, оларды тәрбиелеу, оқыту, білмегенді үйрету мен үшін үлкен бақыт сияқты. Ауыл ішіндегі санаулы балалардың күні бұрын тізімін алып,

оларды толық дайындық тобына қатыстырамыз. Балаларға заманына сай білімді игерту үшін әрбір мұғалімнің он ойланып, сан толғануына тура келеді, қайткен күнде де шама келгенше оқу-тәрбие жұмысын жетілдіріп, оқушылардың білім сапсын арттыру керек.

Мектеп алды сыныбынан бастап балалар көз алдындағы дүниенің, заттың түсін ғана білмей, сырын білуге, еңбектің қадір-қасиетін білуге тиіс. Оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру мақсатында әрбір сабақта көрнекі құралдарды пайдаланумен бірге балалардың қосымша бірнеше әдеби кітаптарды оқып жүруіне басшылық жасап, ақыл-кеңес беріп отырамын.

Сыныптан тыс кітаптардан оқығанын, телеэкраннан көргендеріне, экскурсияда болғанда алған әсерлерін өз сөздерімен айтып беруге дағдыландырамын. Менің алдымнан бастауыш білім алып, пәндік оқуға көшкен шәкірттерім ұстаздарын ренжітіп көрген емес, олардан алған алғыстарым мен үшін үлкен награда.

Бастауыш сынып оқушыларымен тек мұғалім ғана емес, сонымен бірге ата-аналар да тиісті педагогикалық жұмыс жүргізеді, көптеген үлгілі ата-аналар балаларының тәртіпті болуына, үйде оқушының күн режимін қатаң сақтап, сабаққа дайындалуына көңіл бөліп, ықпал жасап отырады.

Сапалы білім беру арқылы ғана бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелейміз. Осы саланың маманы ретінде мектеп бағдарламасындағы тың өзгерістерді құптаймын. Кәсіби талғам мен танымымның арқасында жаңа өзгерістердің арасынан білім сапасын жақсартатын тәсілдерді таңдап алып, сабақ барысында пайдаланып жүрмін.

Сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, әр баланың ерекшелігін ескеріп, ынтасын ояту, шығармашылық мүмкіндіктерін аша түсу – біздің міндетіміз.

Әр сабақты оқушыға қызықты өткізуге тырысамын. Алдымнан түлеп ұшқан талапты да талантты шәкірттеріммен мақтана аламын. Соңғы үш жылдағы жетістіктеріме тоқталсам, «Көктем нұры» республикалық байқауға қатысып Мұхамәдиев Архан I дәрежелі, Бақытбек Қаула II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Абай әлемі» атты республикалық байқауға белсене қатысқаны үшін Бақытбек Қаула, Бақытқали Дина дипломмен марапатталды.

Халықаралық ПОНИ байқауына белсене қатысқаны үшін Айшуак Серікбайқызы сертификатпен марапатталды.

Интеллектуалдық байқауларға қатысқан балалар жүлделі орындармен қуантты. «Дважды два» жобасы аясында өткен республикалық байқауда балаларым жүлделі бірінші орыннан көріне білді.

«Шәкіртсіз ұстаз - тұл» демекші, оқушы жүрегінің кілтін табу, әр мұғалімнің асыл парызы. Баланың қабілет қарымы ашылып, білім алуға деген ынтасы артқан сайын ұстаз ретінде мейірің асқақтайды екен.

**Адрес: С.Қ.О. Есіл ауданы,
Бірлік ауылы, Бірлік
бастауыш мектебі ҚММ
Смагулова А.К.**